

«Қарапайым заттар экономикасы» аясында басым жобаларды несиелеу тетігі бойынша жиі қойылатын сұрақтар

(2019 жылғы 23 сәуірдегі жағдай бойынша)

1. Жеңілдікті кредит алу үшін қандай банкке жүгінуге болады?

*Бағдарламаға қатысушы кез келген банкке. 23.04.2019 ж. жағдай бойынша Бағдарламаға **9 банк қатысады**: «Халық банкі» АҚ, «ForteBank» АҚ, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ, «АТФБанк» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «Bank RBK» АҚ және «Нұрбанк» АҚ. Бұл ретте, Бағдарламаның шарттарына сәйкес Банктің меншікті капиталының ең төменгі мөлшері кемінде 60 миллиард теңге болуы және 70 миллиард теңгеге дейінгі сомаға облигациялар шығаруы тиіс.*

2. АӨК субъектілерінің жобалары қандай талаптармен субсидияланады?

*Субсидиялау ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықтарды сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, негізгі құралдарды сатып алуға, құрылысқа (ұн, минералды су және алкогольсіз сусындарды өндіруге негізгі құралдарды сатып алуға қарыздарды қоспағанда) қарыз шарты бойынша сыйақы ставкаларын теңгемен жылдық **10%-ға** төмендетуді көздейтін мынадай нормативтер бойынша жүзеге асырылады, айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыз шарты бойынша сыйақы, сыйақы ставкаларын теңгемен жылдық **5%-ға** төмендетуді көздейтін.*

Толық тәртібі мен шарттары АШМ 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығында регламенттелген.

3. Жеңілдікті несиелерді барлық кәсіпкер ала ма?

Бағдарламаның 5-тармағына сәйкес төмендегідей жеке кәсіпкерлік субъектілерінің (бұдан әрі – ЖКС) жобалары қаржыландырылмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген құрамында спиртті бар медициналық мақсаттағы өнімдерді

(бальзамдардан басқа) шығаруды көздейтін жобаларды қоспағанда, акцизделетін тауарларды шығаруды көздейтін;

2) кредиттік бюроның деректеріне сәйкес кредит беру немесе кредиттік өтінім беру сәтінде 90 күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен несиелік берешегі бар;

3) қаржыландыруды жүзеге асыратын ЕДБ-мен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын;

4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м. а. 2010 жылғы 10 ақпандағы № 52 бұйрығында көрсетілген оффшорлық аймақтарда тіркелген;

5) құрылтайшылары (оның ішінде қатысушылары, акционерлері) мемлекеттік кәсіпорындар/мекемелер, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей мемлекетке тиесілі ұйымдар (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде құрылған ЖКС қоспағанда), олармен аффилирленген тұлғалар, сондай-ақ меншік нысаны жеке мекеме ретінде ресімделген ЖКС және коммерциялық емес ұйымдар.

4. Жеңілдетілген несие берілгеннен кейін қарыз алушыларға қандай талаптар қойылады?

Механизмнің 5-тармағына сәйкес қаржы алған субъект экономикалық қызметтің барлық түрлерінің жалпы жіктеуішінің нақты түріне байланысты, Тізбеден тауардың кемінде бір түрін шығаруға міндетті. Бұдан басқа, «Даму» ҚДҚ» АҚ арқылы пайыздық ставканы арзандату жағдайында Қаржы агенттігі субсидиялау туралы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін жұмыс орындарының орташа жылдық санын немесе кіріс деңгейін 10%-ға сақтау/ұлғайту қажет.

5. 180 млн. теңгеге дейінгі жоба бойынша жеке қатысуы талап етіле ме?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген басым жобаларды кредиттеу Механизмінде бұл талап қарастырылмаған.

6. Несиеге алынған қаражатты бұрын берілген кредиттерді қайта қаржыландыруға бола ма?

Механизмнің 3-тармағына сәйкес ЕДБ бұрын берілген кредиттерді қайта қаржыландыруға жол берілмейді.

7. Мемлекеттік субсидияларды қалай алуға болады?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Субсидиялау қағидалары) сәйкес кәсіпкер Банкке қаржыландыруды өтінімімен жүгінеді. Банк жобаның қаржылық-экономикалық тиімділігіне кешенді бағалау/сараптама жүргізеді. Оң шешім қабылданған жағдайда Банк кәсіпкерге жобаға кредит беруге дайын екендігі

туралы жазбаша жауап береді. Кәсіпкер «Даму» қорына Кәсіпкердің өтініш-сауалнамасымен және құжаттар пакетімен жүгінеді. Субсидиялау туралы шешімді «Даму» қоры қабылдайды. «Даму» қоры «Даму» қоры уәкілетті органының хаттамасының үзінді-көшірмесін Банкке және Кәсіпкерге жібереді. Банк, Кәсіпкер және «Даму» қоры үшжақты субсидиялау шартын жасайды.

8. Стартап жобалар үшін ерекше шарттар қарастырылған ба?

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауына сәйкес ҚР Үкіметі халық тұтынатын тауарлардың кең номенклатурасын игеретін отандық кәсіпорындарды қолдау бойынша, яғни «қарапайым заттар экономикасын» дамыту бойынша жұмыстар жүргізуде. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Механизмнің нысаналы тобы «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында айқындалған және басым жобаларды кредиттеу үшін тауарлар тізбесіне сәйкес экономиканың басым салаларында жобаларды іске асыратын кәсіпкерлер/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері анықталды. Механизмге қатысушылар үшін ерекше жағдайлар көзделмеген.

Айта кету керек, халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту мақсатында стартап жобалар Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жан-жақты қолдау алады.

9. Кәсіпкерлік субъектісі айналым қаражатын 100% толықтыруға кредит ала ма?

Механизмнің 2-тармағына сәйкес ЕДБ айналым қаражатын 100% толықтыру мақсатына кәсіпкерлік субъектісіне Агроөнеркәсіптік кешендегі өндіріске беруге құқылы.

10. Банк кәсіпкерлік субъектісіне Қаржы агенттігі субсидиялау туралы шешім қабылдаған күнге дейін ұсталған комиссиялар, алымдар және/немесе өзге де төлемдерді өтеуге міндетті ме?

Субсидиялау қағидаларының 72-15-тармағына сәйкес, Қаржы агенттігі қолданыстағы кредитті субсидиялау туралы шешім қабылдаған жағдайда, банк жеке кәсіпкерлік субъектісіне қаржы агенттігінен қол қойылған субсидиялау шартын алған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап Қаржы агенттігі осындай қолданыстағы кредит бойынша шешім қабылдаған күнге дейінгі кезеңде ұсталған комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді өтейді.

11. Субсидиялау туралы қаржы агенттігі уәкілетті органының шешімі шыққан күннен бастап 2 (екі) қаржылық жылдан кейін кәсіпкерлік субъектісі жұмыс орындарының орташа жылдық санын немесе кіріс деңгейін 10%-ға

сақтау/ұлғайту талаптарын орындамаған жағдайда қандай шаралар қолданылуы мүмкін?

Субсидиялау қағидаларының 124-тармағына сәйкес Қаржы агенттігі кәсіпкерді субсидиялауды тоқтатады.

12. Несиені мақсатты пайдалануды қалай растауға болады?

Механизмнің 5-тармағына сәйкес жобаның нысаналы мақсатын растау үшін экономикалық қызметтің барлық түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) нақты түріне байланысты тізбеден тауардың кемінде бір түрін шығару жеткілікті. Қызмет көрсету саласы үшін сәйкестік критерийімен ЭҚЖЖ түрлеріне жатқызуға болады.

13. Кредит беру мерзімін 7 жылдан кем белгілеуге жол беріледі ме?

Механизмнің 5-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік субъектісіне кредит беру және субсидиялау мерзімі қоса алғанда 7 жылға дейін құрайды. Кредит беру мерзімін 7 жылдан кем белгілеуге жол беріледі.

14. Субсидиялау мерзімінің басталуы қай күннен бастап белгіленеді? Шартқа қол қойылған күнінен бастап па немесе «Даму «КДҚ» АҚ шешімі күнінен бастап па?

Субсидиялау қағидаларының 89-тармағына сәйкес, Субсидиялау шарты оған кәсіпкер, банк/даму банкі/лизингтік компания және қаржы агенттігі қол қойған күнінен бастап күшіне енеді. Субсидиялау мерзімінің басталуы субсидиялау шартында субсидиялау шартының күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде, бірақ қаржы агенттігі шешімінің күнінен ерте емес белгіленуі мүмкін.

15. Қатысуға басымдылық жобаларды кредиттеу үшін тауарлар тізбесінде көзделмеген тауарларды шығаратын кәсіпкерлік субъектілері жіберіле ме?

ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысына тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда.

16. Туристік аймақ аудандарын кеңейту жоспарлануда ма?

Жобалық офис жұмысының шеңберінде Механизм шарттарын жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. Туристік аймақтардың өзге аудандарын енгізудің орындылығы расталған және келісілген жағдайда, ҚР Үкіметінің шешімі бойынша тиісті өзгерістер көзделетін болады.

17. Кәсіпкер бірнеше жобалар бойынша жеңілдетілген кредит алуға құқылы ма?

Бір кәсіпкерге есептегенде бірнеше жобаларды қаржыландыру бойынша шектеулер механизмі шеңберінде көзделмеген.

18. Кәсіпкер тек инвестициялау мақсаттарына ғана қаржыландыру алуға құқылы ма?

Механизмнің 2-тармағына сәйкес, берілген қаражаттың нысаналы мақсаты – өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне инвестициялау және айналым қаражатын толықтыру мақсатына кредит беру. Инвестициялау мақсатын қаржыландыруға шектеулер көзделмеген.

19. Айналым капиталын қаржыландырудың белгіленген мөлшері 50% бір банкке немесе бір қарыз алушыға таратылады?

Туісті өзгерістер қарыз алушының бір жобасына көзделген.

20. Кәсіпкер бір мезгілде субсидия және кепілдіктер түрінде мемлекеттік қолдаудың бірнеше шараларын алуға құқылы ма?

«БЖК-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының 337-тармағына сәйкес кәсіпкерге/индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне Бағдарламаның барлық құралдары шеңберінде кешенді қолдау көрсетілуі мүмкін.

21. Коммерциялық емес ұйымдық-құқықтық нысанымен, бірақ тізбеге кіретін қызметтерін ұсынатын кәсіпорынның механизміне қатысуға жол беріледі ме?

ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабына сәйкес, Азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады. Коммерциялық емес ұйымдар туралы Заңға сәйкес, негізгі мақсаты ретінде табыс табуы жоқ және алынған таза табысты қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады. Осылайша,, аталған кәсіпорындар механизмге қатысуға жіберілмейді.

22. Субсидиялау шарттары, тәртібі және механизмі қандай нормативтік құқықтық актілермен регламенттеледі?

Агроөнеркәсіптік кешендегі қызметтер және қайта өңдеу бойынша өңдеу өнеркәсібінде өз қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларын, АӨК саласында өз қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша кредиттер және технологиялық жабдықтың сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын басшылыққа алған жөн

23. Банк кепіл затына тәуелсіз бағалау жүргізуге, кепіл шартын тіркеуге және ауыртпалықты алып тастауға байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді белгілеуге құқылы ма?

Механизмнің 3-тармағына сәйкес ЕДБ кредитпен байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге төлемдерді алмайды:

1) қарыз алушы бастамашылық ететін кредит беру шарттарының өзгеруіне байланысты;

2) Қарыз алушы – кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік келісімдер бойынша міндеттемелерді бұзуы / бұзылуы салдарынан өндіріп алынатын;

3) кепіл затына тәуелсіз бағалау жүргізуге, кепіл шартын тіркеуге және ауыртпалықтарды алып тастауға байланысты;

4) есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету бойынша төлемдер.

24. Қандай жағдайда қаржы агенттігі субсидия беруден бас тарта алады?

Субсидиялау қағидаларының 72-13-тармағына сәйкес, Қаржы агенттігі агроөнеркәсіптік кешенде қайта өңдеу, өңдеу өнеркәсібі және көрсетілетін қызметтер бойынша жобаларға бөлінген қаражат болмаған жағдайда субсидиялауға арналған өтінішті қараудан бас тартады. Бұдан басқа, механизм шарттарына сәйкес келмейтін кәсіпкерлердің жобаларын субсидиялауға жіберілмейді.

25. Басым жобаларды несиелендіру үшін тауарлар тізбесі қалай іріктелді?

Тауарлар тізбесі мынадай өлшемдерге сәйкестік негізінде іріктелген:

1) импорт көлемінің артуы \$5 млн.

2) шикізаттың қолжетімділігі

3) құзыреттіліктің, технологиялардың болуы

4) қайта өндірудің болмауы

5) сапаны бағалау мүмкіндігінің болуы

26. Банк сатып алынатын жабдықты кепіл мүлкі ретінде қарастыра алады ма?

Банктің ішкі саясатына сәйкес сатып алынатын мүлік кепіл ретінде қаралуы мүмкін.

27. Қолданыстағы тауарлардың тізбесін кеңейту мүмкін бе?

Жобалық офис жұмысының шеңберінде Механизм шарттарын жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. Тауарлардың жаңа түрлерін енгізудің орындылығы расталған және келісілген жағдайда ҚР Үкіметінің шешімі бойынша тиісті өзгерістер көзделетін болады.

28. Механизмде жеңілдікті кезең қарастырылған ба?

«Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысына сәйкес жеңілдікті кезең көзделмеген. Бұл мәселені кәсіпкерлер бірнеше рет көтергенін ескере отырып, кредит бойынша «мерзімін ұзарту» ҚР Үкіметінің қарауына шығарылатын болады. Жеңілдікті кезеңді енгізудің орындылығы расталған және келісілген жағдайда Механизмге тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

29. Енгізілген кепілдік беру механизмі шеңберінде қандай шарттар көзделеді?

«Басым жобаларды жеңілдікті кредиттеу Механизмін» іске асыру үшін кейбір нормативтік құқықтық актілерге әзірленген өзгерістер пакетінде кредит сомасының 50%-на дейін қоса алғанда, 3 млрд.теңгеден аспайтын, қоса алғанда 3 млрд.теңгеден асатын 5 млрд.теңгеге дейінгі кредиттер бойынша 20%-ға дейін мемлекеттік кепілдіктер беру көзделген. Бұл ретте, кредит (кепілдік құны) бойынша қамтамасыз етудегі айырмашылықты кәсіпкер өтейді.

30. Бір жоба бойынша бірнеше банктік қарыз шарты болған жағдайда, қарыз алушы үшін субсидиялаудың қандай мерзімі белгіленеді?

Субсидиялау қағидаларының 72-10-тармағына сәйкес, егер бір жоба бойынша бірнеше субсидиялау шарты жасалса, онда субсидиялаудың жалпы мерзімі қаржы агенттігі бірінші субсидиялау шартына қол қойған күннен бастап белгіленеді.